

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина  
Университеті

# ТОКСИКОЗ: өте сирек кездесетін ерте токсикоз

Орындаған: Нуркенов Р.Е.

Тобы: 13-029-02қ

Факультет: Жалпы

медицина

Курс: IV

Қабылдаған: Насырова Ш.

# Токсикоз

Токсикоз (гестоз) деп жүкті әйел организмінде нәресте қалыптасу процессінде пайда болатын, уланумен сипатталатын жағдайды айтады. Ең жиі клиникалық көріністерге ОЖЖ-ң бұзылыстары, қан тамырларының бұзылыстары және зат алмасу процестерінің бұзылыстары жатады.



# Сипаттамасы

Токсикоздарды даму мерзіміне байлынысты ерте, қалыпты және кеш деп ажыратады. Ерте токсикоз жүктіліктің бірінші триместрінде байқалады. Яғни алғашқы 12 аптада. Ағымы ауыр. Токсикоз белгілері жүктілік аяқталғанда толығымен жоғалады.

# Ерте токсикоз себептері

Ерте токсикоз қалыптасу себептері мен толық механизмі әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Бірақ ол жүкті әйел организмiнiң патологиялық жауабы екенi анық. Ерте токсикозға ұйқышылдық, шаршау, рационалды емес тамақтану және шылым шегу мен алкогголь қабылдау әкелiп соқтырары айқын фактор.

# Симптомдары

**Лоқсу.** 60% жағдайда кездеседі. Оның 10% емдеуді қажет етеді. Алғашқа 20 аптада кездеседі. 3 топқа бөлінеді: жеңіл; орташа; ауыр;

Жеңіл түрінде лоқсу тәулігіне 5 реттен көп емес, жүкті әйелдің жалпы жағдайы қалыпты, салмақ жоғалтуы 3 кг көп емес.

Орташа түрінде лоқсу тәулігіне 10 рет мөлшерінде, жалпы жағдайы нашарлай түседі, пульс артып, АҚ төмендейді және салмағы 2 аптада 3 кг дейін төмендейді.

Ауыр түрінде лоқсу тәулігіне 25 ретке дейін болады. Мұндай жағдай жүкті әйелдің 10 кг дейін салмақ жоғалтуымен сипатталады. Пульс артып, АҚ төмендейді. Жалпы жағдайы нашар болады. Анализдерде бүйрек дисфункциясы байқалады. Көп жағдайда жүктілікті тоқтату мәселесі шешіледі.

# Симптомдары

**Сілекей ағу** (птиализм) лоқсудан кейін жиі кездесетін симптом болып табылады. Кейде тәулігіне 1,5 литрге дейін сілекей ағу байқалады. Яғни жүкті әйел организмi сілекеймен бірге протеиндер мен тұздардан айырылады. Нәтежиесінде әйелдің жалпы жағдайы нашарлай бастайды.

# Симптомдары

**Дерматоз** алдыңғы екі симптомға қарағанда сирек кездеседі. Бірақ өте жағымсыз симптом болып табылады. Көбіне дерматоз денедегі бөртпелер ретінде көрінеді және жыныс мүшелеріне жайылуы ықтимал. Бөртпе ұйқы бұзылуына, тітіркенгіштікке, депрессияға алып келеді. Аллергияны, ҚД, кандидозаны дамытып алмау қажет.



# Симптомдары

**Остеомаляция және тетания** кальций және фосфор алмасуының бұзылысы ретінде көрінеді. Остеомаляция сүйек сынуына әкелетін сүйек іркілуі болып табылады. Тетания бұлшық еттердің тартылуымен сипатталады (акушер қолы, балерина аяғы және балық ауыз).

# Профилактика

Профилактиканың ең басты принципі созылмалы ауруларды уақтылы емдеу, психикалық жүктемені азайту және қоршаған ортаның жағымсыз әсерлерін болдырмау. Ең алғаш көрініс берген сәтте-ақ акушер-гинеколог көмегіне жүгіну қажет. Және токсикоз ауыр ағымда өтсе, келесі жүктілікте ол литальды нәтежиеге алып келуі мүмкін. Сондықтан токсикоз пайда болуын мұқият қадағалау қажет.

НАЗАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ